

«Кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісі жөнінде»

# АСТАНАДА БІРЛЕСКЕН ФОРУМ ӨТТІ

Астана, 13 мамыр, 2011ж., «KAZENERGY» мұнай-газ ұйымдары мен энергетикалық кешендерінің Қазақстандық ассоциациясы, «ҚазМұнайгаз ҰК» АҚ, өз жұмыстарын Қазақстан Республикасында жүргізіп отырған үш ірі мұнайгаз операторы - «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В.» (НКОК) «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) бүгін Астанада қамтушылардың «Кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісі» жөніндегі бірлескен форумын өткізді.

Форум жұмысына 50-ден астам қазақстандық машина құрылысы мен инженерлік кәсіпорындардың, 40-тан астам шетелдік өндірісшілердің, сондай-ақ ҚР мұнай және газ Министрлігінің, ҚР индустрия және жаңа технологиялар Министрлігінің, Қазақстан машина құрылысшылары Одағының, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Атырау облыстарының өкілдері қатысты.

Бірлескен кәсіпорының басты мақсаты - мұнай-газ өнеркәсібіне қажет кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектер саласында отандық нарықты одан әрі дамытуға, шетелдік және қазақстандық кәсіпорындар ара-

кешенді жабдықтар мен қосалқы бөлшектер жөніндегі қажеттіліктермен таныстырды. Қамтушылар сондай-ақ алдын ала дәрежелі, жергілікті қамту, жабдықтарды сипаттау жөніндегі операторлар талаптарымен таныстырды.

KAZENERGY қауымдастығының атынан сөз сөйлеген Қазақстандық үлес пен қызметтік жобаларды дамыту жөніндегі Үйлестіру Кеңесінің төрағасы Ұзақбай Қараалин былай деді: «Қазақстандық үлесті есептеудің жаңа тәсілі, бір жағынан, қазақстандық өндірушілердің тауарына деген талапты күшейтіп, түрлі айла-амалдарға балта шапса, екінші жағынан, тапсырма берушілер мен өндірушілердің бір-бірімен табысуына жағдай жасап, ынтымақтастыққа серпін береді. Отандық өндірушілермен бірлесіп жұмыс істеу мұнайшылар үшін тиімді. Қазақстандық машина өндірушілердің өнімін пайдалану мұнай-газ операторларының құрал-жабдыққа жұмсалатын шығынын азайтады.

Әдетте құрал-жабдыққа жұмсалатын қаражат мұнай жобасы құнының 50-70 пайызын құрайды, ал қазақстандық техника шетелдік баламасына қарағанда үш-төрт есе арзан. Бұлайша үнемделген ақша қазір әсіресе



жүргізуде. «ҚазМұнайгаз» бағасы мен сапасы бойынша импорттық тауарларға бәсекелес бола алатын жабдықтардың заманауи түрлерін шығаратын отандық тауар өндірушілерге басты назар аударды», - деп мәлімдеді.

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясының қазақстандық үлесті дамыту жөніндегі менеджері Қайрат Қапашов өз сөзінде: «Жергілікті қамтушылардың мүмкіндігін барынша көбірек пайдалану – КПО қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Компания жергілікті тауарлар мен қызмет нарығын дамытуға қызығушылық танытуда, бұл - барлық қазақстандық өндірісшілер үшін тұрақты да, оңды экономикалық ахуал туғызады», - деді.

НКОК компаниясының Келісім-шарт жасау және сатып алу істері бойынша бас менеджері Майкл Пекарски: «НКОК және Агент-Компаниялар өлемдік деңгейдегі жобаны жүзеге асыруда және басқаруда. Біз өз жұмысымызды Қазақстан экономикасының аймақтық және ұлттық деңгейде тұрақты дамуы

үшін айтарлықтай мүмкіндіктер туғызып отыр деп білеміз».

Ол Консорциум жергілікті қамтуды дамытуға тұрақты да, ұзақ мерзімді көзқарас танытып отырғандығын атап өтті. «2010 жылы аталған бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде оператор мен Агент-Компаниялардың жергілікті тауарлар мен қызмет түрлеріне төлемі 900 миллион АҚШ долларынан (2010 жылы курс бойынша шамамен 130 миллиард теңге) асты. Консорциумның 2005-2010 жылдар аралығындағы жергілікті тауарлар мен қызмет түрлеріне қаржылай шығыны шамамен 7 миллиард АҚШ доллары деңгейінде болды», - деді Майкл Пекарский.

«Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары Әнуарбек Жәкиев: «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шетел инвесторлары Кеңесінің 20-шы пленарлық мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «...инвестициялық және операциялық шығындарда, еңбек ресурстарында қазақстандық

қамтуды арттыру бойынша табысты еңбек етіп жатқан Қазақстандағы шетелдік инвесторлар Қазақстан экономикасын дамытудағы тағы бір маңызды буын болып қалмақ» деп атап өтті. «Теңізшевройлдың» басым бағыттарының бірі - қазақстандық бизнес қуаты мен мүмкіндігін нығайту болып табылады. ТШО Қазақстан мен бизнесінің тұрақты дамуын қолдау мақсатында қазақстандық тауарлар мен қызмет түрлерін пайдалануды жалғастыруды көздеп отыр. Және де біз аталған форумның отандық қамтушыларға кешенді жабдықтар және қосалқы бөлшектер өндірісі сияқты маңызды бағытта дамуына үлкен күш береді деген үміттеміз».

Шара ұйымдастырушылары аталған форумның шетел инвестициясын тартуға және де ішкі қаржы салымына дем беретіндігіне, жаңа технологиялар тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мұнай-газ өнеркәсібіндегі қазақстандық қамтуды дамытуға жаңаша күш беретіндігіне сенімді.



сында серіктестік қарым-қатынас орнатуға ықпал ету, сондай-ақ Қазақстандағы мұнай өндірісіне қажет жабдықтар мен қосалқы бөлшектер өндірісін ынталандыру.

Форум ұйымдастырушылары Қарашығанақ, Солтүстік Каспий және Теңіз кен алаңы жобаларына шолу жасап, қатысушыларды

қажет. Себебі көмірсутектердің бағасы дағдарысқа дейінгі бағадан да төмен».

«ҚазМұнайгаз ҰК» АҚ-ның сервистік жобалар жөніндегі бас менеджері Димаш Бижанов өз сөзінде: «ҚазМұнайгаз ҰК» АҚ қазақстандық қамтуды дамыту жөніндегі міндеттері шеңберінде жүйелі де, мақсатты жұмыстар

сат пен газдың сапасын анықтау үшін химиялық анализ жасайтын лабораторияның қажеттігі туындады. Сөйтіп 1986 жылы қаңтарда лаборатория ашылды. Оның бастығы Тиунова Лидия Васильевна жас мамандар үшін

ең беделді, ең білгір тәлімгер болды. Лидия Васильевнаны сол кездегі жас, қазір өмірлік және өндірістік тәжірибелері бар адамдар жиі еске алып, әңгімелейді. Ол жұмыс жасауды, өз жұмыстарының қажеттілігі мен маңыздылығына сенуді үйретті деп есептейді.

Алғашқы лаборант қызметкерлер Надежда Шевченко, Балсара Нұқаева, Нина Шелева, Бакиза Қазыбаева, Ирина Анохина, Наталья Лизуновалар болды.


1997 жылдың қараша айында Өнімді бөлісудің түпкілікті келісіміне (ӨБТК) қол қойылғаннан кейін барлық бөлімдердегі сияқты химиялық лабораторияда өзгерістер болды. Бүгінгі Қарашығанақ кен орнындағы заманауи ғылыми техникалық лаборатория. Және ол газ, көмірсутегі, су, май-

лау материалдары, отын мен қоршаған орта бойынша игеру мен жаңа аналитикалық технологияны енгізуге арналған құрал-жабдықтардың озық үлгілерімен жабдықталған және заманауи жаңа ғимаратта орналасқан. Сол сияқты лаборатория қызметінде зауыттың немесе экспорттағы тұрба желісінде табылған сынды немесе қара шлам сияқты проблема туындататын белгісіз химиялық заттарды зерттейді.

КПО-ның лабораториясында шетелдік мамандардың басшылығымен негізінен Қазақстанның азаматтары жұмыс жасайды. Олардың барлығы да өз істерінің білгірлері. Жаңа ғимаратқа көшуден және ең заманауи құрал - жабдықтарды алудан байланысты лаборатория кешенді тексерулердің бәрін де жасай алады. Яғни газ бен конденсаттың құрамын бақылау,

күкіртті сутек, метанолдық, т.б. мөлшерін анықтау, конденсаттың құрамында парафин мен асфальтты смолалық заттардың мөлшерін анықтау. Лаборатория сол сияқты өнімнің молекулалық массасын, оның меншікті салмағын, хлорлы тұздардың құрамын анықтайды, судың құрамына тексерулер жасайды.

Лаборатория ашылғаннан бері жасап келе жатқан көптеген қызметкерлер Италиядан кәсіби біліктіліктерін көтеру курстарынан өтіп келді. Басты нысандардың пайдалануға берілуіне байланысты жұмыс көлемі айтарлықтай өсті, бірақ та лаборатория ұжымы өздеріне жүктелген міндеттерді толықтай атқарып, ең жауапты міндеттердің өзін сауатты түрде орындап жүр. Кен орнының барлық нысандары химиялық лабораторияның бақылауында.



## КПО-НЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ЛАБОРАТОРИЯСЫНА 25 ЖЫЛ

## Құрметті әріптестер!

ҚПО-ның мақсаты өндірістік жарақаттарды мүлдем болдырмау. Бірақ соңғы кезде Қарашығанақ кен орнында апатты оқиғалар санының ғана емес, сонымен қатар алған жарақаттың ауырлық деңгейінің өсуі де байқалады. Кез-келген қатерлі оқиғалардың алдын алу және ауыр жарақат алуға немесе адам өліміне душар етуі мүмкін жұмыстарды жүргізу барысында әрбір жұмысшының ҚТ негізгі ережелерін бұлжытпай орындауын еске салу мақсатында ҚПО-да өмірді сақтаушылар атты ҚТ бағдарламасын енгізудеміз.

Life Savers (Өмірді сақтаушылар) – ҚПО-да аса қауіпті болып саналатын 8 жұмыс түрін қауіпсіз жүргізу арналған ең аз міндетті талаптарды қамтиды:

- Келік тасымалы;
- Еңбекті қорғау;
- Жабық кеңістіктегі жұмыс;
- Күкірттісутек (H2S);
- Биіктіктегі жұмыс;
- Жүк көтеру жұмыстары;
- Жер қазу жұмыстары;



• Электр қауіпсіздігі.

ҚПО-ның әрбір қызметкері, мердігері және қосалқы мердігері осы құжатта баяндалған Life Savers (Өмірді сақтаушылар) ережелерін орындауға міндетті.

Барлық менеджерлер Life Savers (Өмірді сақтаушылар) ережелерінің ҚПО-ның және мердігер ұйымдардың әрбір қызметкеріне жеткізілуін және бұлжытпай орындалуын қадағалауы тиіс.

Джузеппе Паззи

ҚПО Бас директоры



## «Тәуелсіздік-тұғырым»

2011 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанына 20 жыл болады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы газырлар бойы сақталып келген мәдениеті мен тарихының арқасында тәуелсіз әрі егеменді мемлекет ретінде бүкіл әлемге танымал.

2011 жылдың маусым және қазан айлары аралығында Берлі ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мекемелер, өндіруші кәсіпорындар және ұйымдар арасында өтетін «Тәуелсіздік - тұғырым» атты аудандық фестивалін өткізеді және қызғышылық танытқан ҚПО қызметкерлерін қатысуға шақырады.

**Қатысу шарттары:**

- Кешке әртүрлі ұлт өкілдері қатыса алады.
- Халықтық немесе ұлттық стильде өнер көрсету бастамасын қолдаймыз.

• Кешке жеке орындаушылар немесе топтар қатыса алады.

- Орындау ұзақтығы 10 мин. дейін.
- Музыкалық аспаптарды қолдануға болады.

**Бағалау критерийлері**

- орындатын бағдарламаның әртүрлілігі,
- орындаушының шеберлігі, киімі, музыкалық сүйемелдеуі, артистизмі,
- сахнадағы мәдениеті, фонограмманың күйі.

**Марапаттау**

Үздік орындаушылар келесіге ие болады:

- фестиваль лауреаты атағы,
- фестиваль дипломы,
- бағалы сыйлықтар.

Фестиваль қазыларының шешіміне сәйкес үздік орындаушылар Орал қаласында өтетін галаконцертке жолдама алады.

## Жылдың ең үздік экологиялық ұсынымы

Біз газетіміздің өткен сандарында ҚПО компаниясы жылдың «ең үздік экологиялық ұсынымы» байқауын жариялағаны туралы жазғанбыз. Байқау 5 маусым – Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне арналған. Байқауға қатысуға ҚПО-ның барлық қызметкерлері шақырылған болатын. Байқаудың шарттары бойынша, ең үздік деп танылған ұсынымдар бағалы сыйлықтармен марапатталуы тиіс. Байқаудың мақсаты – қоршаған ортаның жағдайын жақсартуға арналған жақсы ұсыныстар

енгізу арқылы компания қызметкерлерінің назарын қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аудару. Компания қызметкерлерімен кері байланыс орнату ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесін басқару тиімділігін жақсартуға және қоршаған ортаны қорғау біздің арқайсымыздың ісіміз екенін түсінуге мүмкіндік береді. 2010 жылғы ұсынымдардың көпшілігін бүгінгі таңда біздің компаниямыз өндіріске тиімді енгізуде. Өткен жылы бұл конкурстар өте табысты өтті деуге болады, оған ұсынылған жұмыстардың көптігі дәлел болып алады.

Байқауға қатысушылардың жұмысын тәуелсіз тәралқа мүшелері қарады. Байқау қорытындысын шығарарда, идеяның жаңашылдығы мен ерекшелігі есепке алынды. Оның өміршеңдігі, егжей-тегжейлі түсіндірілуі (ұсыным барынша кеңінен түсіндірілсе құба-құп). Сол сияқты аталған экологиялық ұсынымдардың ҚПО компаниясында жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылды.

Ең үздік 3 жұмыс бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқау қорытындысы 5 маусымда жарияланды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне бас директор Джузеппе Паззи бастаған ҚПО-ның басшылары қатысты.



## Жеңіс күніне арналған турнир

Осы жылдың мамырайында Ақсай қаласында қаратэден балалар мен жасөспірімдер турнирі болып өтті. Турнир ҚПО кәсіподағының демеушілік көмегімен өтті және оған «Батыс Қазақстан облыстық Қаратэ Шинкиокушинкай Федерациясы» қоғамдық бірлестігінің оқушылары қатысты.

Медалдар комплектісі ойналып, мынадай нәтижелер белгілі болды: Орынбек Райымбек II орын, Мақим Бекарыс II орын, Исатаев Райымбек III орын, Давлетов Бахтияр II орын, Закарян

Вадим I орын, Агаев Рамиль II орын, Мищенко Руслан I орын, Лагунов Артем II орын, Чмырь Руслан II орын, Каменко Антон I орын, Шабаяв Никита I орын, Копылов Роман I орын.

Турнирдің аяқталуына орай «Батыс Қазақстан облыстық Қаратэ Шинкиокушинкай Федерациясы» 1 дан қара белбеу иесі Нұрлан Назарбаев турнирге қолдау көрсеткендері үшін ҚПО кәсіподақ комитетінің төрағасы Т.К. Кеңесовке, №4 мектептің директоры М.К. Махауоваға, ҚПО-ның демеушілік комитетіне алғыс айтты.



## Қазақша күрес

Осы жылдың мамыр айында ҚПО компаниясының спорттық өмірінде тұңғыш рет ұлттық спорт түрі – қазақша күрестен Жеңіс күніне арналған турнир болып өтті. Бұл жарыс Чех қалашығының спорт залында өткен еді. Аталмыш турнирдің Ерлан Қоянбаев пен Ақан Каримов сияқты ҚПО қызметкерлерінің бастамасымен өткізілгенін атап өткен жөн. Олар ҚПО кәсіподағының қолдауымен осы турнирді өткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады десе болады. Қазақша күрестің тарихы өте тереңде жатыр, ол кезде біздің халқымыз түркі халықтары деп аталған. Күрестің осындай түрлерін түркі халықтарынан әлі күнге кездестіруге болады.

Қазақша күреске шыққан палуандар үстеріне қатты матадан тіккен белбеулі күртеше сияқты арнаулы киім киеді. Белдесу барысында белбеуден не одан жоғары ұстап жасайтын барлық айла - тәсілдерге рұқсат етіледі. Белдесудің басты мақсаты – қарсыласының жауырынын жерге тигізу. Қазақша күрестің басқа күрестерден өзіндік ерекшелігі сонда – ептілік пен әдіскерлік қара күш пен шалшаңдықпен үйлесім тапқанда ғана жеңіске жетуге болады. Қарсыласын кілемге алып ұрған бойда белдесу тоқтатылады, өйткені күресу үшін тік тұру керек.



Қазақша күрестің техникасында аяқтан шалпы лақтыру әдісі, жамбасқа салу, төстен асыра лақтыру, арқасынан асыра лақтыру т.б. бірталай айла-тәсілдер бар. Қазақша күрестің палуандары дзю-до, самбо сияқты басқа да күрес түрлеріне қатыса береді.

Жарысқа ҚПО қызметкерлері арасынан 30 балауан қатысты. Олар арнайы салмақ өлшеу процесінен кейін 6 салмақ категориясына біріктірілді: яғни 57, 60, 66, 74, 85 және 90 келден жоғары.

Жарыс қорытындысы бойынша турнир жеңімпаздары болып танылғандары: 57 келі салмақ категориясы бойынша – маркетинг департаментінің бюджет және есеп маманы Роман Аглаков. 60 келі салмақ категориясы бойынша – КПК электрлігі Бекжан Башаров. 66 келі салмақ категориясы бойынша – ақпараттық технологиялық қолдау маманы Ильяс Нусанов. 74 келі салмақ категориясында – қорғаныш жабындылары инспекторы Махамбет Досалиев және техникалық аудармашы Талаптан Абдрахманов. 85 келі салмақ категориясы бойынша – КИПИА технигі Руслан Хасанов және өндіру операторы Дархан Шамгонов. 90 келілік салмақ категориясы бойынша арнаулы жобаларды бақылау инспекторы Ерген Есқалиев және жобаның инженері Еркебулан Мыңбаев.

Жарыстың барлық қатысушыларын ҚПО-ның кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары Сайын Сағынұлы Досмаилов құттықтады. Турнир аяқталысымен оның жеңімпаздары ҚПО кәсіподағының грамоталары мен ақшалай сыйлықтарымен марапатталды.